


Бекітемін: 
«Айгөлек» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі Л.Тәмпішева

«2» қыркүйек 2022 жыл



**«Ай» (2-3 жас) кіші тобының 2022-2023 оқу
жылындағы ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің
перспективалық
ж о с п а р ы**

Тәрбиеші: Қайырова Қ.О

Дені менің
2.09.2022

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 –2023 оқу жылына арналған
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

кіші топ
Қыркүйек айы 2022жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып) Негізгі қимылдар: педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру Бір орында тұрып екі аяқтап секіру Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай) доптарды домалату Жиектері шектелген тура жолақпен (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру Мәдени-гигиеналық дағдылар. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өзбетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қолорамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әртүрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігі мен шынықтыру; Дербес қимыл белсенділігі. Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция танытады.

	Спорттық жаттығулар: велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару;
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеуді дамыту. айналасындағы адамдардың сөзін есту және тындау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді Сөздік қор. Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды ересектердің сөзін тындай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоционалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тапқартар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.
Көркем әдебиет	ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді; кейіпкерлермен тапқартардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоционалы қабылдауды; ересектердің тапқартарды, өлеңдерді, әңгімелерді оқуына, кітаптарды көрсету, ертегілерді әңгімелеуіне тұрақты қызығушылық танытуды қалыптастыру
Сенсорика	заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды;
Құрастыру	құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; эртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары; материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың эртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта эртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр);
Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

	Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, кияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтау
Сурет салу	балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту; түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парақ бетінде бейнені орналастыру;
Мүсіндеу	балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;
Жапсыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа орналастыру.
Музыка	Музыка тыңдау: 1) музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: эн, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; Ән айту: 1) ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айкайламай айтуды қалыптастыру; Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу;

Ғылыми жетілдірілген
тапсырма
03.10.2022 ж.

Кіші топ
Қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лактыру, секіру, тепе-теңдік сақтау; Негізгі қимылдар: Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өзбетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үшдөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өз бетімен рөлді басқару;
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеуді дамыту. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтуға үйрету. Сөздік қор. ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын атау; Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолданып сөйлеуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу.

	Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тындауға үйрету.
Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тындауға үйрету.
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
Құрастыру	құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары; материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр);
Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтау
Сурет салу	балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту; Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.
Мүсіндеу	балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.

	Музыка	Музыка тыңдау: 1) музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: эн, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; Ән айту: 1) ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыққы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру; Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу;
--	--------	--

Декретерге
01.11.2022 ж.
жасағ.

Қараша айы 2022жыл
Кіші топ

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Физикалық	Негізгі қимылдар: 1.Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. 2.Жүгіру. 3.Еңбектеу, өрмелеу. 4.Домалату, лактыру. 5.Секіру. 6.Жалпы дамытушы жаттығулар (қолды алға жоғары көтеру) 7.Спорттық жаттығулар (велосипед тебу) 8.белгілі бір ретпен киіну және шешіну, ұйықтар алдында киімдерін орындыққа ұқыпты бүктеп қою. 9.Тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. 10. балаларды топта жеңіл киінуге үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну. ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс атауларын білдіретін зат есімдермен; еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), заттардың түсін, көлемін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?»).
	Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу.

	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы салады, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелейді.
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйренеді.
	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйренеді.
	Құрастыру	Балалар ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен танысады. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше және құрдастарымен бірге құрастырады, олармен ойнайды.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беріп, өзінің айналасындағы фотосуреттерден таниды. Өзінің есімін және жасын атап, үйін және пәтерін танып, отбасы мүшелерінің атын атайды. Заттық кәлем. Заттардың және олармен әрекеттерді атап, оларды суреттерден таниды. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаның итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, біртектеніп екіншісіне қою) орындайды.

Желтоқсан
01.11.2022 ж
таңғы

Желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Физикалық	Негізгі қимылдар. Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіреді; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіреді, жүруден жүгіруге және керісінше ауысады. Еңбектеу, өрмелеу Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектейді. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелейді. Мәдени-гигиеналық дағдылары және өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртеді, ересектің көмегімен өзін ретке келтіреді. Жеке заттарды қолданады (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқап және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіреді, белгілі бір ретпен киінеді және шешінеді, әртүрлі ілгектерді қолдана біледі, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қояды. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын біледі: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастырады және екі жаққа жазады. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазады, қолды шапалақтайды, қолдарды алға-артқа сермейді, саусақтарды бүгіп, ашады. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылады. Алға және екі жаққа еңкейеді. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгіп, жазады. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеріп, түсіреді. Тізерлеп тұрып, өкшеге отырып, тұрады. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.

		Орнында жүреді. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгеді. Таяныштан ұстап отырып, аяқтың ұшымен тұрып, тартылады. Аяқтың өкшесін алға қояды. Аяқтың бақайларын қимылдатады (отырып). Қимылды ойындар. Ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнайды. Балалар ойынға қызығушылығын білдіре отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру) жасайды. Қимылдарды үйлесімді орындайды, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе біледі (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру). Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындап, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіреді, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытады. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Ересектер көмегімен күн тәртібін орындайды.
	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну. үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен; заттардың түсін, көлемін, пішінін, білдіретін сын есімдермен байыту. Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тындауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
	Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тындау. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.

Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастырады, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстырады.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды карама-қарсы үйлестіру арқылы салады, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеп, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салады. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салып, ересектер салған суретті толықтыруға дағдыландыру.
Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйренеді. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйренеді. Фланелеграфта доптарды, шарларды орналастырады.
Құрастыру	Балалар ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен танысады. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастырып, кеңістік қатынастарды түсінеді.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атап, оларды суреттерден таниды. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындайды. Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен танысады. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық танытады. Кейбір еңбек әрекеттерін білуіп және атайды (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады). Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесуіне ықпал ету.

**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Ай» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2022-2023 оқу жылы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру.Бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.заттарғашығу(Жұмсақ модульге):тұру, түсу. Жүгіру.Әртүрлі қарқынмен заттардың арасымен бірінің соңынан бірі бүкіл топпен жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу.Арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап(алақанымен)еңбектеу. Домалату, лақтыру.Отырып және тұрып доптарды домалату. Секіру.Еденде жатқан лентадан аттап секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.Қолды артқа қою; оларды бүгіп жазу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып) Қимылды ойындар: Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ойқпалете отырып, негізгі қимылдарды (домалату) жетілдіру. Спорттық ойындар: Шанмен сырғанау.Шананы жібінен сүйретуге. Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.

Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезіндетыны салу. Балалардың сөздік қорын: Заттардың түсін, пішінін білдіретін сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөз тіркестерін құра білуге зат есім + етістік сөздердің дұрыс айтылуы. Байланыстырып сөйлеу. Педагогтің өтініші бойынша суреттен тауып, сұрақ қою «Бұл кім (не)?», «Не істеді?».
Көркем әдебиет	Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.
Сенсорика	Түрлік өлемдегі геометриялық фигуралардың негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
Сурет салу	Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.
Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттардың мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: Кесені, мүсіндеудің пішінінің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру. қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	Кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді тандауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
Құрастыру	Табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолдануға мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау. Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (машинаны итеру, допты домалату) орындауға баулу. Табиғат әлемі. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел.

**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Ай» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2022-2023 оқу жылы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру.Шағын топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. заттарға шығу (гимнастикалық орындыққа): қолдарын жоғары көтеру. Жүгіру. Бағытты өзгертіп 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (тіземен тіреп) еңбектеу. Домалату, лақтыру. Отырып және тұрып түрлі заттардың астынан 0,5-метр арақашықтықта доптарды домалату. Секіру: (Қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды артқа қою; қолды шапалақтау. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Тізерлеп тұрып өкшеге отыру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып тартылу. Қимылды ойындар: Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру). Спорттық ойындар: Шанмен сырғанау. Ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету. Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.

Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудару. Балалардың сөздік қорын: Қарама – қарсы мәндес әрекеттерді (ашу – жабу, кию – шешу, алу – салу) Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеру. Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау.
Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару.
Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.
Сурет салу	Қарандашты, фломастерді үш саусақпен, қатты қыспай ұстау. Суретті шығармай бояуға үйрету.
Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: Табақты мүсіндеудің пішінінің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру. қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды орналастыру. Оларды бір-бірінен ажырата білуге үйрету.
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрылыс материалдармен жұмыс жасай білуге дағдыландыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретінін есенім қалыптастыру. Заттық әлем. Екі қолмен біруақытта заттармен әрекет ету. Табиғат әлемі. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота) оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктеріне ажырата білу.

**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Ай» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы, 2022-2023 оқу жылы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру.Бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.Заттардан(биіктігі 10-15 сантиметр):құрсаудан құрсауға аттап өту. Жүгіру.Бағытты өзгертіп шашырап 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу.Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50х50 сантиметр модульге өрмелеу. Домалату, лақтыру.Отырып және тұрып түрлі заттардың астынан 1,5-метр арақашықтықта доптарды домалату. Секіру: (Қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды артқа қою; қолдарды алға-артқа сермеу. Тізерлеп тұрып өкшеге отыру және тұру. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Қимылды ойындар: Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (аяу сияқты қорбандап жүру).
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыс аппаратын дамыту. Балалардың сөздік қорын: Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есімдерді зат есімінің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.
Көркем әдебиет	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін тыңдауға үйрету.
Сенсорика	Заттардың санына жырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.
Сурет салу	Суреттің қарапайым элементтері ретінде тік сызықтарды қағаз

	бетінде жеңіл жүргізу.
Мүсіндеу	Тостағанды мүсіндеуді пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру. қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.
Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атауды қайталау. Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (пирамиданы жинау және бөлшектеу) орындауға баулу. Табиғат әлемі. Аңдармен (аю, қасқыр, қоян) оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктеріне ажырата білу.

**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Ай» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2022-2023 оқу жылы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру.Шағын топпен ирелектелген лентаның бойымен жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан кедергілерден (ленталардан) аттап жүру Жүгіру. Жүруден жүгіруге керісінше ауысу. Еңбектеу, өрмелеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50х50 сантиметр модульге өрмелеу. Домалату, лақтыру. Доптарды бір –біріне домалату. Секіру: Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға жәнe нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды артқа қою; саусақтарды бүгу және ашу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға жәнe нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Қимылды ойындар: Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Велосипедтен ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсу.

Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздермен сөз тіркестерінің анықайтылуына назараудара отырып, дауыс аппаратын дамыту. Балалардың сөздік қорын: Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өзбетінше қолдануға ықпал ету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеру. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беру.
Көркем әдебиет	Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Суретпен жұмыс кезінде таныс бейнелерді еркін түсіндіріп беруге дағдыландыру.
Сенсорика	Заттардың түсі, көлемі, пішіні бойынша өзбетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Сурет салу	Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту.
Мүсіндеу	Қуыршаққа арналған әшекейлерді (қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	Фланелеграфта және қағазға доптарды, шарларды, гүлдерді орналастыру.
Құрастыру	Қарапайым құрастырудағыларын бекіту: үстіне, жанына қою.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау. Заттық әлем. Баланың бақылауымен түсінуіне қолжетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану. Табиғат әлемі. Аулаға ұшып келетін құстармен таныстыру (торғай, көгершін, қарға), оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу.

**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Ай»кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2022-2023 оқу жылы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру.Шағын топпен ирелектелген лентаның бойымен жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан кедергілерден (текшелерден) аттап жүру. Орнында баяу айналу. Жүгіру. Жүруден жүгіруге керісінше ауысу. Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен доғаның астымен еңбектеу. Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру. Секіру: Еденде жатқан секіргіштен, лентадан аттап секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға жәнненығайтуға арналған жаттығулар. Қолды артқа қою; саусақтарды бүгу және ашу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға жәнненығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Қимылды ойындар: Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.

Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Балалардың сөздік қорын: Заттардың көлемін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. сөзтіркестерін құра білуге (сынесім + затесім, затесім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуы. Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкелердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталап ойнату.
Көркем әдебиет	Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.
Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты тандауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.
Сурет салу	Суреттің қарапайым элементтері ретінде тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
Мүсіндеу	Қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	Фланелеграфта, қағаз бетіне доптарды, шарларды орналастыру.
Құрастыру	Балалардың ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретінін есенім қалыптастыру. Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (біртектеніп екіншісіне қою) орындауға баулу Табиғат әлемі. Құстармен таныстыру үй құстарын (тауық, қаз, үйрек) оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктеріне ажырата білу